



МУХТАР АЗАЛЫ



№83
(2149)
Сәрсенбі
20 қыркүйек
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ: ТАПСЫРМА ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев ауданда салынып жатқан бірқатар құрылыс жұмыстарының жай-күйімен танысты.

Аудан басшысы Әйтеке би кентіндегі асфальтталып жатқан О.Жанәділов көшесінің жол құрылысын көрді.

Аудан әкімі мердігер мекеме – «Нұрас и К» ЖШС қызметкерлеріне жұмыстың жүйелі жүруін қатаң тапсырып, сапасына аса мән беріп, жеделдетуді жүктеді.

Мұнан соң Мұхтар

Әуесұлы Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы аудандық маңыздағы автомобиль жолын назарға алды.

Қазір төртжолалы жолдың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Құрылыс жұмысын күнделікті қатаң бақылауда ұстап отырған аудан басшысы «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС қызметкерлеріне жұмыс қарқынын күшейтуді жүктеді.

Аталған екі жолдан бөлек, Қазалы қаласындағы Е.Бөлекбаев көшесі де ас-

фальтталып жатыр. Еңбек етіп жатқан мердігер мекеме – «Қыран» ЖШС мамандары. Мұхтар Әуесұлы мұнда да сапаға мән бере отырып, тез арада ел игілігіне беруді айтты.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың құрылыс жұмыстарымен танысу сапары Абай аулында қортындыланды.

Мұнда барудағы басты себеп – екі аралықтағы қалқымалы көпірдің жайынан хабар

алу. Қазір қалқымалы көпір қоятын айлақ дайындалып жатыр. Өйткені, алда қыс. Сондықтан сең жүру үдерісіне дайындық жұмыстарын осы бастан қолға алған жөн.

Аудан басшысы барлық жұмыстарға асқан жауапкершілікпен қарау керектігін ескертті. Өйткені, әрбір тапсырма орындалуымен құнды.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІ САЙЛАУЫНДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ



2023 жылдың 17 қыркүйегіне тағайындалған Басықара ауылдық округі әкімінің сайлауы заң талаптарына сай ұйымдастырылып, қортындыланды.

Ауылдық округ тұрғындарының дауыс беру нәтижесінде «AMANAT» партиясынан ұсынылған кандидат Бекмамбетов Мұратбек Тоқтамұратұлы 59,7% дауыспен жеңіске жетті.

Мұратбек Тоқтамұратұлын жеңісімен құттықтап, алдағы қызметіне сәттілік, табыс тілейміз!

**«AMANAT» партиясының
Қазалы аудандық филиалы**

«KIELI TABIGAT» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қазалы ауданында «Дүниежүзілік тазалық күніне» орай «Kielī Tabigat» экологиялық тазалық акциясы өтті. Акцияға барлық мекемелер мен кәсіпорындары, жеке кәсіпкерлер, колледж студенттері, жастар ұйымдары бірлесе атсалысты. Мұнан бөлек аудан, қала, ауыл тұрғындары да қатысып, өз үлестерін қосты.

Аудан бойынша тазалық акциясына 250 адам жұмылдырылды. Айта кетейік, аудандағы орталық көшелер мен



ескерткіш алаңдары, Қ.Ерімбет көшелері тазартылды. «Жеңіс саябағы», «Жанқожа баба» кесенесі, Әйтеке би, Қ.Пірімов, Я.Михайлик,

**Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

● Хабарландыру

Халықаралық туризм күні аясында балық аулаудан жарыс өткізіледі.

Жарыс 2023 жылдың 22 қыркүйек күні Ә.Тыныбаев атындағы Қазалы су торабында /Басықара аулы/ өткізіледі. Жергілікті уақытпен сағат: 11:00-де басталады.

Жарысқа қатысушыларды тіркеу сағат: 10:00 – 11:00-ге дейін.

Жекелей сында жарысқан спортшылар аулаған балығының салмағы /таразы/ бойынша ұпай санымен анықталады.

Ескерту: әр ойыншы жеке қармақпен (спиннинг) келуі тиіс және балық аулауға арналған жемтіктерге шектеу қойылмайды.

Ұйымдастыру алқасы:
8 724 38 79 2 80 69 41
8 775 815 77 72

● Президент Жолдауын қуаттаймыз!

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БАСТЫ ҚАРУЫМЫЗ БОЛУЫ ТИІС

Ұстаз ретінде жыл сайын Білім күнін асыға күтемін.

Білім күнімен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын жариялағаны ұстаздар үшін өте ерекше күн болды. Биылғы Жолдау «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталды.

Президент Жолдауында білім саласының басымдықтарынақты айтылған. Президенттің жас ұрпақтың өмір сүруі үшін қауіпсіз ортаны қалыптастыру, кәмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген

түріне қатысты жазаны күшейту, білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту, бірыңғай сенім телефонын ұйымдастыру туралы тапсырмалары дер кезінде қолға алынды деуге болады.

Ал сапалы орта қалыптастыру үшін әрбір педагог үнемі ізденісте, жаңалыққа жақын болуы тиіс. Әрбір педагог алдына келген баланың болашағына аса мән беріп, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым – қатынасты орнықты қалыптастырғанда ғана, білім сапасы артып қана қоймайды, бала сана-

лы, тәрбиелі, мейірімді болып қалыптасады. Әрбір педагог шығармашылықпен айналысқанда, үнемі білімін жетілдіргенде ғана ұстаз деген атқа лайық болады.

Әділетті Қазақстанды өз ісіне адал азаматтар ғана құрады. Әрбір қазақстандық мемлекетке адал қызмет атқарып жүргенде ғана әділдік орнайды.

Мені елімізде жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» жобасы ерекше қуантады. Өйткені сапалы білім мен саналы тәрбие балаға жасаған қамқорлықтан басталады. «Жайлы мектеп» жобасымен салынатын мектепте

еңбек ету – әрбір ұстаздың арманы, менің де арманым.

Президенттің «Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз.» - деген сөзі әрбіріміздің жүрегімізден орын алуы тиіс.

Шарбану БАЕКЕЕВА,
Қазалы аграрлы – техникалық колледжі директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ – ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында алдағы 3 жылда орындалуға тиіс, еліміздің әлеуметтік, экономикалық дамуының негізгі бағыттарын айқындап берді. Болашақта ел экономикасы мен халықтың тұрмыс сапасын арттыруға әсер ететін дұрыс шешімдерді уақытылы қабылдау аса маңызды. Сондықтан шешімін табу қажет болып тұрған өзекті мәселелерге Жолдауда аса мән берілді. Ең басты міндет - елімізде мықты өнеркәсіп негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жеткізу керек екені атап өтілді.

Ел экономикасының шикізатқа тәуелділігін азайту, озық технологияларды пайдалану арқылы бәсекеге қабілетті өндірісті, өнеркәсіпті және ауыл шаруашылығын дамыту, табиғи ресурстарды үнемдеп пайдалану, көлік-логистика саласын қарқынды дамыту, за-

ман талабына сай қажетті білікті кәсіби мамандардың санын арттыру арқылы жаңа экономикалық саяси реформаларды іске асыру мүмкін екені белгілі. Жолдауда осы салалардың даму бағыттары егжей-тегжейлі қарастырылған.

Кез-келген мәселені шешу әрине, бөлінген қаржыны мақсатты, уақытылы, үнемдеп жұмсаумен байланысты. Мемлекет басшысы өткен жылы «бюджетті басқарудан» «нәтижені басқару» тәсіліне көшу арқылы бюджет жүйесін реформалауды тапсырған. Бұл мәселе жаңа кодекс қабылданған соң шешімі табылатыны, яғни бюджет үдерісінің ашықтығы, оған қатысушылардың жауапкершілігі мен дербестігі арта түсетінін атап көрсетті.

Сонымен бірге, бюджет саясатының тиімділігін арттыру үшін әрдайым жаңа мүмкіндіктер мен тәсілдерді пайдалану қажет. Президент Үкіметке бірнеше министрлік пен аймақтар үшін пилоттық

режимде толық бөлшектенген бюджет жобасын енгізуді тапсырды.

Бюджетаралық қатынастарды өзгерту арқылы жаңа экономикалық үлгіде аймақтардың бюджет мәселесіндегі дербестігін арттыру, аймақтар табысының өсімін арттыру, жергілікті бюджет кірісінің құрылымындағы республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттердің үлесін орта есеппен 25 пайызға дейін төмендету (кәзір бұл көрсеткіш 50 пайызға жуық) тиіс екені атап өтілді.

«Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеру керек», - деді Президент. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды екені сөзсіз.

Ертуған ҚОНАҚБАЕВ,
Қазалы аудандық қазынашылық басқармасының басшысы

ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен электронды еңбек шарттарының тіркелуі мен бірыңғай сақталуын қамтамасыз ететін «Еңбекшарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» (ары қарай-Жүйе) атты автоматтандырылған ақпараттық жүйе қолданысқа енгізілген.

Осыған орай, ҚР Еңбек кодексінде жұмыс берушілердің жұмыскермен еңбек шарттары туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндеті көзделген (23-бабының 2-тармағының 27)-тармақшасы).

Яғни, жұмыс беруші еңбек шартын жасасу, тоқтату және тараптардың реквизиттері, белгілі мамандық, кәсіп, біліктілік немесе қызмет бойынша жұмысы, жұмыс істеу орны, еңбек шартының мерзімі, жұмыстың басталу уақыты, шарт жасасу мерзімі мен реттік нөмері туралы мәліметтерді электронды түрде еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндетті бо-

лып табылады.

Электронды еңбек шарттарын тіркеу үшін жұмыс беруші ең алдымен электронды еңбек биржасына hr.enbek.kz тіркелуі қажет және мекеме жөніндегі мәліметтер электронды-цифрлық қолтаңбамен расталуы керек.

«Электрондық еңбек биржасы порталында еңбек шарттарын тіркеу бойынша жұмыс берушілерге арналған нұсқаулық» «hr.enbek.kz» порталында «Көмек» бөлімінде орналастырылған.

Сонымен қатар, міндетті зейнетақы мен әлеуметтік аударымдар жүргізілген жұмыскерлерді «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған кезде аталған жүйе енгізілген электронды еңбек шарттары бойынша еңбек өтілдерін растау мүмкіндігі туындайды.

ҚР Еңбек кодексінің 23-бабының 2-тармағының

1)-тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға міндетті.


ҚР Еңбек кодексінің 14-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Сондықтан, аудан аумағында орналасқан барлық жеке кәсіпкерлік субъектілері ҚР еңбек заңнамасының талабына сәйкес өз қарамағында жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбек шарттарын Жүйеге тіркеуге міндетті екендігін назарларыңызға жеткіземіз.

Еңбек шарттарын жүйеге электрондық тіркеу сұрақтары бойынша бөлімнің 23-2-62 байланыс телефондары арқылы хабарласуыңызға болады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

АСҚА ШАҚЫРАМЫЗ



«Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасының иегері, «Тамыры терең бәйтерек» атты кітаптың кейіпкері, атамyz Өтепбергенов Қожалиға 2023 жылдың 22 қазан күні «Бозкөл» ауылдық орталық мешітінде ас беріледі.

Асқа ағайын-туысқандарды, атаның көзін көрген замандастарын шақырамыз.

Өтепбергеновтер әулеті

ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТІҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Гепатит «А» дерті немен қауіпті? Гепатит «А» бауыр қабыну ауруы. Вирус адам организмiне түскеннен кейiн, 95% жағдайда ауру дамиды. Вирус шын мәнінде қауіпті. Ал егер дерт бірден анықталмаса, ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Ауру әсіресе ересек адамдарда ауыр түрде өтеді, ал кішкентай балаларда қайғылы жағдайға соқтыруы мүмкін. Бұл аурудың ерекшелігі жоғары дәрежедегі жұқпалылығы. Жыл сайын әлемде шамамен бір жарым миллион адам гепатит «А» дертіне шалдығады.

Кім ауруға жиі шалдығады? Жиі жағдайда гепатит «А» дертіне мектепке дейінгі жастағы және бастауыш сынып балалары жиі шалдығады. Бұл олардың бала бақшада, алаңда, мектепте, құрбыларының арасында ұзақ уақыт болуына байланысты. Егер бір бала ауырса, дерттің басқаларға жұғуының ықтималдығы аса зор. Аурудың қыркүйек айында шарықтау

шыңына жетуі де осыған байланысты. Гепатит «А» дерті жиі жағдайда «ыстық» елдерден әкелінеді. Ауру бірден білінбейді, вирусқа шалдыққан бала демалыстан кейін мектепке немесе бала бақшасына барғанда, ауру анықталады.

Аурудың басталғанын қалай білуге болады? Гепатиттің белгілері шамамен үш апта бойына дамиды. Келесі белгілерге назар аудару керек.

- әлсіздік және жоғары дәрежеде шаршау.
- бұлшықеттердің ауыруы.
- бас ауыруы.
- іш ауыруы.
- тәбеттің болмауы немесе төмендеуі.
- лоқсу.
- нәжістің ағаруы.
- зәрдің қоңырлануы.

Егер Сіз өзіңізде немесе балаңызда осы аталған белгілерді байқасаңыз, дереу дәрігерге көрініңіз. Есіңізде болсын, гепатит «А» дертіне шалдыққанда тері мен склера

сарғаймауы мүмкін.

Вирус қалай беріледі? Алуан түрлі жағдайларда ұзақ уақыт бойына өміршеңдігін сақтайтын гепатит «А» вирусы – өте әлді вирус. Жиі жағдайда балалар вируспен ластанған суды ішкенде, немесе суда шомылғанда дертке шалдығады. Әрі қарай дерт вирус жұқтырған адаммен жанасқанда беріледі. Вирус, әдетте, мұздатылған азық-түліктерде де сақталуы мүмкін. Бұл дертті «лас қолдардың ауыруы» деп жиі атайды. Шын мәнінде, гигиена ережелері сақталмаса, дәретханадан кейін қолды мұқият жумасаңыз, Сіз өз денсаулығыңызға қауіп төндіресіз. Вирус түрлі заттар арқылы да берілуі мүмкін. Мысалы, бала лас ойыншықпен ойнап, вирусты жұқтыруы ықтимал. Өкінішке орай, барлық варианттарды білу мүмкін емес. Көптеген науқастар вирусты қайдан және қалай жұқтырғандарын білмейді.

Дерттен өзінді қалай қорғауға

болады? Профилактиканың ең сенімді тәсілі вакцинация болып табылады. Ол 6-18 ай үзіліспен жасалатын екі рет егуден құралады. Вакцинаны балаларға тіпті екі жастан егуге болады. Бірінші уколдан кейін 10 күн өткен соң вакцина егілгендердің кемінде 99% вирусқа тұрақты иммунитет дамиды. Вакцинациялау орталықтарында, балалар емханаларында уколды алуға болады.

Әрине, аурудан сақтану үшін, гигиена ережелерін қатаң сақтаған дұрыс:

Арнайы бөлініп, жабдықталған жерде ғана суға түсу.

Тек қайнаған немесе шөлмекке құйылған суды ғана пайдалану.

Барлық жемістер мен көкөністерді мұқият жуу қажет.

Раиса НҰРАЛЫ,
Қызылорда бөлімшелік
көліктегі санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының жетекші
маманы

● Хабарландыру

ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАГАЖДЫҢ ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ, ҚАЛАНЫ, АУЫЛДАРДЫ (СЕЛОЛАРДЫ) АУДАН ОРТАЛЫҒЫМЕН ЖАЛҒАСТЫРАТЫН АВТОМОБИЛЬ ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ МАРШРУТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

1.«Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2023 жылғы 18 қазан «Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхамбетұлы көшесі, №130 үй, 131 кабинет» мекенжайы бойынша жолаушылардың және багаждың кентішілік және елді мекендерді, қаланы, ауылдарды (селоларды) аудан орталығымен жалғастыратын тұрақты автомобиль тасымалдарының маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2.Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

Лот №1 «№1 Әйтеке би кенті–

Қазалы қаласы».

3.Конкурсқа меншікнысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде техникалық ерекшелігі:

автобустар үшін жақсы жағдайдағы, жөндеуді қажет етпейтін, жалпы сиымдылығы 40 адам (оның ішінде орындықтар саны 23 данадан кем емес), басқару орындары сол жақта орналасқан, 2 дана жолаушыларға арналған есігімен қамтылған;

- Ресейлік шағын автобустар үшін жақсы жағдайдағы, жалпы сиымдылығы 23-тен кем емес (жүргізушіні қоспағанда), еуропалық шағын автобустар үшін жақсы жағдайдағы, жалпы сыйымдылығы 23-тен кем

емес (жүргізушіні қоспағанда), басқару орындары сол жақта орналасқан;

-Азиялық елдерден шыққан орташа сиымдылықты автобустар үшін жақсы жағдайдағы, жөндеу жұмыстарын қажет етпейтін, жалпы сиымдылығы 23 (оның ішінде орындықтар саны 23 данадан кем емес) I, II классты автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысуға құқылы.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер аудан әкімінің аппаратына конкурстық құжаттардың жиынтығын алу үшін жазбаша өтінімді «Қазалы ауданы, Ж.Нұрмұхамбетұлы көшесі, № 130 үй, 131-ші кабинет» мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды жинақтау және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы "02" қазан.

6. 2023 жылғы 11 қазанда конкурстық комиссия, конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефон: 8/72438/79-2-80.

8. Конкурсқа қатысушылар «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ–БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңы талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс әрекеттермен мемлекеттік мекемелер мен лауазымды тұлғалар ғана емес, бүкіл қоғам айналысса бұл құбылыс мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қатысты қуатты құралына айналмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заңының мақсаты-азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, кінәлілерді жауапқа

тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етіп, және сыбайлас жемқорлыққа байланысты жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын», Қазақстан Ре-

спубликасы Үкіметінің және аудан әкімдігінің қаулыларын басшылыққа алып, орындау мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде айына 1 рет құқықтық оқу өткізіледі. Алдағы уақытта да Қазақстан Республикасы заңдылықтарын толық сақтауды қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметшілердің заңсыз әрекеттерге қарсы күрес жүргізуіне ықпал ету мақсатында жұмыстар жүргізіледі.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Сыбайлас жемқорлық кез келген елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына кері әсерін тигізеді. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

«Қазалы ауданының
жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Қосымша

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН КҮРДЕЛІ ТАУАР

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 87-VII Заңымен "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізілді.

Атап айтқанда қолданыстағы заңнамаға көлік құралдарын, ауыл шаруашылығы техникасын, су және әуе кемелерін техникалық жағынан күрделі тауарларға жатқызатын жаңа норма енгізілді. Осыған сәйкес мынадай ұғым енгізілді: «өзін қосылыстың мәні айқындайтын мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін бір тұтасты құрайтын көптеген конструкциялық және (немесе) әртекті элементтерді қамтитын, техникалық жағынан күрделі ішкі құрылымы бар азық-түлік емес тауар, оған тек қана көлік құралдары, ауыл шаруашылығы техникасы, су және әуе кемелері жатады».

Осылайша техникалық жағынан күрделі тауарға және оның құрамдасына қатысты тұтынушы техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігі болған жағдайда ғана ұқсас маркалы (модельді, артикулді) тауарға ауыстыруды не сатып алу бағасын тиісінше қайта есептей отырып, басқа маркалы (модельді, артикулді) дәл сондай тауарға ауыстыруды, не шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақшаны қайтаруды талап етуге құқылы. Техникалық жағынан күрделі тауарға байланысты қалған жағдайларда тұтынушы тауардың кемшіліктерін өтеусіз жоюды не айырманы тиісінше қайта есептей отырып, сатып алу бағасын мөлшерлес азайтуды талап етуге құқылы.

Бұл ретте заң шығарушы техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігін белгіледі, оған – техникалық жағынан күрделі тауардың жойылмайтын кемшілігі немесе мөлшерлес емес шығыстарсыз немесе қосалқы бөлшекті беруді күту уақытын қоса алғанда,

заңда белгіленген мерзімнен асатын немесе тұтынушы үшін мұндай жоюдың өзектілігі жоғалатындай немесе тауарды нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға мүмкін етпейтіндей соншалықты созылатын уақыт шығындарынсыз жоюға келмейтін кемшілігі не тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтіруге алып келуі мүмкін кемшілік.

Соныменқатар, заңшығарушы тұтынушының сатып алу-сату шартын бұзу және техникалық жағынан күрделі тауарларды ауыстыру туралы талаптарын орындау мерзіміне өзгерістер енгізді. Тұтынушы техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігін анықтаған және ол шартты бұзу және тауар үшін төленген ақшаны қайтару туралы талап қойған жағдайда, техникалық жағынан күрделі тауарды және оның құрамдасын сатушы (дайындаушы, орындаушы) осы талапты үш жұмыс күні ішінде қанағаттандыруға міндетті. Тұтынушы техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігін анықтаған және оны ауыстыру туралы талап қойған жағдайда, техникалық жағынан күрделі тауарды және оның құрамдасын сатушы (дайындаушы, орындаушы) осы талапты отыз жұмыс күні ішінде қанағаттандыруға міндетті. Бұл ретте сатушы тұтынушының қойған талаптарымен келіспеген кезде сәйкестікті растау жөніндегі органдарға не сынақ зертханаларына техникалық жағынан күрделі тауардың қауіпсіздігін және (немесе) сапасын қосымша тексеруге (сараптамаға) жіберген жағдайда, техникалық жағынан күрделі тауарды қайтару немесе айырбастау жөніндегі мерзім тексеру (сараптама) жүргізілген уақытқа тоқтатыла тұрады.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қызылорда облысының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

Приложение

ТЕХНИЧЕСКИ СЛОЖНЫЙ ТОВАР

Законом Республики Казахстан от 27 декабря 2021 года № 87-VII ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам промышленной политики» были внесены дополнения в Закон Республики Казахстан «О защите прав потребителей».

В частности в действующее законодательство введена новая норма, которая относит транспортные средства, сельскохозяйственную технику, водные и воздушные суда к технически сложным товарам. В связи с чем введено следующее понятие: «технически сложный товар – это непродовольственный товар с технически сложным внутренним устройством, который включает в себя множество конструктивных и (или) разнородных элементов, образующих одно целое, позволяющее использовать его по назначению, определяемому существом соединения, к которому относятся исключительно транспортные средства, сельскохозяйственная техника, водные и воздушные суда».

Таким образом в отношении технически сложного товара и его компонента потребитель вправе потребовать замены на товар аналогичной марки (модели, артикула) либо замены на такой же товар другой марки (модели, артикула) с соответствующим перерасчетом покупной цены, либо расторжения договора и возврата уплаченных за товар денег только в случае существенного недостатка технически сложного товара. В остальных случаях с технически сложным товаром потребитель вправе потребовать безвозмездное устранение недостатков товара либо соразмерное уменьшение покупной цены с соответствующим перерасчетом разницы.

При этом законодатель определил, что существенный недостаток технически сложного товара – это неустранимый недостаток или недостаток, который не может быть устранен без несоразмерных расходов или затрат времени, включая

время ожидания поставки запасной части, превышающего установленный законом срок или настолько затягивающегося, что для потребителя уже теряется актуальность такого устранения или делает невозможным использование товара по целевому назначению, либо недостаток, который может привести к причинению вреда жизни, здоровью и (или) имуществу потребителя, окружающей среде.

Также законодателем внесены изменения по срокам выполнения требований потребителя о расторжении договора купли-продажи и замене технически сложного товара. При обнаружении потребителем существенного недостатка технически сложного товара и предъявления им требования о расторжении договора и возврате уплаченных за товар денег продавец (изготовитель, исполнитель) технически сложного товара и его компонента обязан удовлетворить данное требование в течение трех рабочих дней. В случае обнаружения потребителем существенного недостатка технически сложного товара и предъявления им требования о его замене продавец (изготовитель, исполнитель) технически сложного товара и его компонента обязан удовлетворить данное требование в течение тридцати рабочих дней. При этом в случае направления продавцом на дополнительную проверку (экспертизу) безопасности и (или) качества технически сложного товара органам по подтверждению соответствия либо испытательным лабораториям при несогласии с предъявленными требованиями потребителя срок по возврату или обмену технически сложного товара приостанавливается на время производства проверки (экспертизы).

Департамент по защите прав потребителей Кызылординской области Комитета по защите прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.